

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының
2016 жылғы 22 қарашадағы № 63 бұйрығымен
бектіліген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2014-2018 жылдарға арналған
стратегиялық жоспарын іске асыру бойынша есебі**

Есепті кезең: 2016 жыл

1. Тәуекелдерді басқаруды талдау

Ықтимал тәуекелдердің атауы	Тәуекелдерді басқару бойынша жоспарланған іс-шаралар	Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралардың іс жүзінде орындалуы	Ескертпе (орындалуы/орындалмауы туралы ақпарат)
1	2	3	4
1-стратегиялық бағыт. Кәсіпқой мемлекеттік қызмет жүйесін қалыптастыру			
1.1-мақсат. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және құзыретті корпусын қалыптастыру			
Мемлекеттік қызметке кіру тек төменгі лауазымдардан басталуы талап етілетініне байланысты кадрлық мобильділік деңгейінің төмендеуі және «Б» корпусының кадрлық резервінің таратылуы	Ішкі конкурстарды өткізу мерзімдерін қысқарту және оны өткізу тәртібін жеңілдету	Агенттік 2016 жылы конкурстық рәсімдерді оңтайландыру жұмыстарын жүргізді. Осылай, құжаттарды қабылдау уақыты қысқарды: ішкі конкурс бойынша – бес күннен үш жұмыс күнге дейін; жалпы – он күннен жеті жұмыс күнге дейін.	Орындалды

		<p>Кандидаттардың әнгімелесуді өткізу уақыты бес күнен үш жұмыс күнге дейін қайта қарастырылды.</p> <p>Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңға құқық қолдану практикасы талдауы негізінде өзгерістер енгізіліп, ішкі конкурстан кейін бірден жалпы конкурс ұйымдастыру мүмкіндігі қарастырылған.</p> <p>Бұл конкурс уақытын 16 жұмыс күнге қысқартуға мүмкіндік берді.</p>	
<p>Құрылатын мансаптық модельге байланысты кадрлардың жетіспеушілігінің орын алуы, онда вакансияларға орналасу алғашқы кезекте «ішкі ресурстар» есебінен жүзеге асырылады, ал бағалау, этикалық бақылау, ротация секілді институттар және басқалар қызметшілерді жұмыстан шығару негіздемелерін кеңейтеді</p>	<p>Мансаптық модельдің ашықтығын, бәсекеге қабілеттілігін және баланстығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметке шетелдік менеджерлер, жеке сектордың жекелеген мамандары және Қазақстан Республикасының азаматтары –</p>	<p>Ұлт Жоспарының 11-қадамын орындау аясында, мемлекеттік аппараттың тиімділігін және кәсібилігін арттыру мақсатында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңмен шетелдік менеджерлерді және жекеменшік сектордың мамандарын мемлекеттік қызметке тарту нормасы қарастырылған.</p> <p>Мемлекеттік органдарға шетелдік жұмыскерлерді тарту қағидалары 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1198 Үкімет</p>	<p>Орындалды</p>

	<p>халықаралық ұйымдардың қызметкерлері тартылуы мүмкін. Олардың тағайындалуы ерекше талаптар мен жеке лауазымдар тізімі бойынша іске асырылады. Бұл шара мемлекеттік қызметті ашық және бәсекеге қабілетті жүйе етіп қалыптастырады</p>	<p>қаулысымен бекітілген.</p> <p>Оларды жұмысқа қабылдауға кадрлық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиясының елде қажетті салалар мен секторларда мамандардың болмауы немесе озық технологияларға қол жеткізу үшін мамандар тарту қажеттілігі жағдайында қабылданатын шешімі негіз болып табылады.</p> <p>Агенттік мемлекеттік органдарда шетелдік менеджерлер қажеттілігін анықтау жұмыстарын жүргізуде.</p> <p>Шетелдік жұмыскерлерді шақыруға орынды 30-дан астам лауазымдар зерттелген. Негізінен, бұл лауазымдар инвестициялық жобалар, агроөнеркәсіп кешендері, ветеринария, сот жүйесі, жер қойнауын пайдалану, барлау секілді ел дамуының басымды бағыттарымен тығыз байланысты.</p> <p>2016 жылы мемлекеттік органдарға шетелдік қызметкерлер тартылмаған.</p> <p>Жеке сектордан мамандарды</p>	
--	--	---	--

		<p>тарту жалпы конкурс арқылы іске асырылады.</p> <p>2016 жылы мемлекеттік қызметте жеке сектордан 2 103 адам қабылданды.</p>	
<p>Бағалау мен сыйақы беру жүйесі байланыстырылғандықтан (нәтижелер бойынша еңбекке ақы төлеу қағидатының енгізілуіне), адами фактор бар болғаны үшін бағалау кезінде субъективизмнің көрініс табуы</p>	<p>Бағалаудың және ұжымдық қабылданатын шешімдердің айқын, бір мәнді өлшемдерін белгілеу арқылы бағалаудың және оның нәтижелері бойынша бонустар төлеудің объективтілігі мен ашықтығын барынша көп қамтамасыз ету</p>	<p>Қолданыстағы әдістеме мемлекеттік қызметшілерді бағалаудың нақты критерияларын анықтайды.</p> <p>Осылай, «А» корпусындағы әкімшілік мемлекеттік қызметшілер жасасқан келісімдер негізінде бағаланады, онда басымдықтардың саны үшеуден артық емес, олардың ішінен кем дегенде жартысы өлшенетін болуы тиіс.</p> <p>«Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілері, бағыныстағы қызметші мен басшы арасында жасалатын және күтілетін нәтижелерді көрсете отырып қызметтің мақсаттық көрсеткіштерін қамтитын жеке жұмыс жоспарлардың негізінде бағаланады. Көрсеткіштер саны 4-тен аспау керек, олар нақты, өлшеуге келетін, қол жетімді және</p>	<p>Орындалды</p>

анықталған орындау мерзімімен болуы керек. Сонымен бірге, кем дегенде жартысы өлшенетін болуы тиіс.

Қабылданатын шешімдердің алқалылығын қамтамасыз ету үшін бағалау нәтижелері уәкілетті комиссиялармен қаралады және бекітіледі (*«А» корпусының қызметшілері үшін – Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Кадрлық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиямен, «Б» корпусының қызметшілері үшін – мемлекеттік органдардағы бағалау жөніндегі комиссия шешімдерімен*).

Мемлекеттік қызметші оның қызметін бағалау нәтижелерін Агенттікке және оның аумақтық бөлімшелеріне немесе сотқа шағымдануына құқығы бар.

Бұдан басқа, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы» Заңмен жұмыстың ерекшелігіне, көлеміне және нәтижелеріне байланысты қызметшілердің дифференциацияланған жалақысын

		орнату қарастырылады. Осы тәсілдің іс жүзінде жүзеге асырылуы нәтижелі қызметшілерге бонус төлеу жүйесін енгізу арқылы жүзеге асырылады.	
2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру			
2.1-мақсат. Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін жетілдіру			
Мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметтерді сапалы және уақтылы көрсету бойынша қызмет тиімділігінің жеткіліксіздігі	Агенттіктің мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жөніндегі ұсынымдарын мемлекеттік органдардың сапалы әрі толық орындауын бақылау. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау нәтижелерін тұрақты негізде өткізу. Мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметтерді ұсыну	«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңға сәйкес Агенттік өз құзыреті шеңберінде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды және бақылауды іске асырады. Осылайша, бұл мақсатты іске асыру барысында Агенттік «клиентке бағдарланған» қағидасын барынша қамтамасыз етуге бет бұрған. Осыған байланысты, тұрақты негізде оларды айқындау және оларды тудыратын себептерді жою бойынша шаралар іске асырылады. Осылай, 2016 жылы 800 мыңнан астам заң бұзушылықтар анықталды, оның ішінде: - мемлекеттік қызметтер көрсетудің бекітілген бизнес-	Орындалды

	<p>бизнес-процестерін талдауды жетілдіру, оларды көрсету сапасына наразылық білдіру себептерін айқындау</p>	<p>үдерістерін бұзу - 158,1 мың дерек (20%);</p> <ul style="list-style-type: none"> - толық емес құжаттар пакеті негізінде мемлекеттік қызмет көрсету- 153,6 мың (19%); - стандарттармен қамтылмаған немесе ақпараттық жүйелер арқылы алуға болатын құжаттардың сұратылуы, - 94 мың дерек (12%); - Мерзімдерін бұзу - 13,4 мың дерек (2%); - Мемлекеттік қызмет көрсетуде негізсіз бас тарту, - 683 дерек (0,1%); - Басқа бұзушылықтар - 375,8 мың дерек (46,9%). <p>Айқындалған бұзушылықтар нәтижесінде 3536 ұсыныстар жасалған, оның 3380 орындалды.</p> <p>Ұсыныстардың орындамалуы қаржылық жоспарлау қажеттілігімен және оларды мүдделі мемлекеттік органдармен пысықтауына байланысты. Сонымен бірге, бірқатар тексерулер 2016 жылдың аяғында өткізілген,</p>	
--	---	---	--

ал орындау туралы есеп мемлекеттік органдармен жарты жылдық қорытындысы бойынша ұсынылатынын айтып өту керек.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қызметінің тиімділігін анықтау үшін Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылдың 9 ақпанындағы №27 және Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылдың 9 ақпанындағы №172 бірлескен бұйрығымен тиісті әдістеме бекітілді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау жөнінде мемлекеттік органдар тізіміне алғаш рет Ішкі істер министрлігі қосылды.

Негізгі бағалау критерийі азаматтардың сауалнама арқылы анықталатын мемлекеттік қызметтермен қанағаттану деңгейі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін жеңілдету үшін,

		<p>оларды көрсету рәсімдерін мінсіздік бойынша жұмыс жүргізіледі.</p> <p>2016 жылдың басынан Агенттік білім беру, жер қатынастары, көші-қон, сәулет және құрылыс салаларындағы 24 мемлекеттік қызметтердің көрсету рәсімдері талданды.</p> <p>Нәтижелері бойынша бір өтінішпен бірнеше мемлекеттік қызметтерді көрсетумен (4 мемлекеттік қызмет); құжаттарды азайтумен (7), уақытты қысқартумен (3); кезеңдерді қысқартумен (2); жоғарыдағы нормативті актілерді стандарттар мен регламенттерге сәйкес келтірумен байланысты (11 мемлекеттік қызметтер бойынша) оларды көрсету тәртібін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірленген.</p> <p>Жылжымайтын мүлік объектілерінің техпаспортын беру мемлекеттік көрсетілетін қызметінің стандартпен регламентке Әділет министрлігі</p>	
--	--	--	--

		түзетулер енгізді. Мемлекеттік органдармен 5 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарына өзгерістер енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.	
3-стратегиялық бағыт. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			
3.1-мақсат. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін арттыру			
3.2-мақсат. Қоғамның және мемлекеттің тыныс-тіршілігінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық деңгейін барынша азайту			
Елдің халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы рейтингінің төмендеуі	Ақпараттық-түсіндірме алдын алу жұмысы, қолданыстағы заңнаманың және құқыққа сай сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл институттардың әлеуетін қолдану, халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйымдарға интеграция	2016 жылы қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған. Заңда көзделген профилактикалық іс-шаралардың арасында ерекше орын алатыны ақпараттық-түсіндірме жұмысына негізделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Осы мақсатта бұқаралық ақпарат құралдарымен тиісті әрекеттесу орнатылған. Журналистер, блогерлер, баспалар мен телеарналардың бас редакторларымен 40-тан астам	Орындалды

		<p>кездесулер өткізілді.</p> <p>Республикалық және аймақтық БАҚ-да 80 астам тақырыптық айдарлар («Сыбайластықпен күрес», «Адал өмір сүру», «Фемида», «Закон и порядок», және т.б.) құрылды.</p> <p>Мысалы, «Сыбайластықпен күрес» айдарында мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтарға сыйлықтар қабылдау бойынша шектеулер түсіндірілді.</p> <p>3 мыңнан астам мақалалар жарияланып, 1700 жуық бейнесюжеттердің көрсетілімі ұйымдастырылды. Интернетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы салада шамамен 8 мыңға жуық материалдар жарияланды.</p> <p>Сонымен қатар, 2016 жылы үкіметтік емес ұйымдарға елдің барлық өңірлерінде қоғамдық қабылдау бөлімдерін ашуға мүмкіншілік беретін «Азаматтық бақылау» жобасы іске қосылды.</p> <p>Олар мемлекеттік қызметтер сапасына қатысты, әкімшілік</p>	
--	--	--	--

кедергілерді жою мәселелерімен өтініш жасау мүмкіндігін беретін азаматтық бастаманың орталығына айналды. Жұмыс барысында қоғамдық қабылдау бөліміне тиісті түсіндірулер алған 1 мыңнан астам азаматтар өтініштермен барған.

Сондай-ақ, алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесін назарға ала отырып, Қазақстанда алғаш рет сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында Ашық ынтымақтастық туралы келісім әзірленді.

Оған әркім қосыла алады, өйткені ол «Адалдық алаңы» атты арнайы жобаланған интернет-ресурсында орналастырылған.

Бүкіл республика бойынша 39 мыңнан астам ұйымдар, 54 мыңға жуық азаматтар оның қатысушылары болды.

Қабылданған шаралардың тиімділігі әлемдік жемқорлық

		<p>Барометрімен расталады.</p> <p>Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа белсенді қарсы күресетін адамдар саны 4 есе артты (7% -дан 28% -ға дейін).</p> <p>Пара берген азаматтардың үлесі соңғы үш жылда 40%-дан 29% - ға дейін төмендеді.</p> <p>Барометр қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ілгерілеуін халықтың 37% айқындады, бұл 2013 жылмен салыстырғанда шамамен екі есе жоғары (19%).</p> <p>Сыбайлас жемқорлық деректерінің алдын алуында халықтың белсенділігіне ықпал ететін көрінісінің бірі айқын заңнамалық шаралар мен жағдайлардың болуы. Осылайша, Қылмыстық кодексіне сәйкес, өз еркімен пара бергені туралы баяндаған адам қылмыстық жауапкершіліктен босатылады.</p> <p>Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қатысты істерді баяндаған адамдарды ынталандыру</p>	
--	--	---	--

тетігі құрылған. Өткен жылы 185 адам мадақталған. Халықтың азаматтық ұстанымның белсенділігі сыбайлас жемқорлықтың барынша қысқаруына септігін тигізеді.

Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ұйымдарға бірігуге қатысты қазіргі уақытта Еуропа Кеңесі көне беделді ұйымдардың бірінің бастамасымен құрылған, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттер тобына (ГРЕКО) кіру бойынша жұмыс жүргізілуде.

ГРЕКО ұйымына қосылу Қазақстанға алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесі негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен заңнаманы жетілдіру мүмкіндігін береді.

Сонымен қатар, ГРЕКО ұйымына қатысу кейіннен құқықтық көмек көрсету, қылмыскерлерді ұстап беру және активтерді қайтаруды қамтамасыз ету мәселелері бойынша Еуропа

		елдерімен ынтымақтастығының құқықтық негізі болып табылатын сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясына қосылуына шақыру алу мүмкіншілігін тудырады.	
Қоғамда сыбайлас жемқорлықты төзімді қабылдау деңгейінің артуы	Халықтың құқықтық сауатын арттыру және сыбайлас жемқорлыққа «мүлдем төзбеушілікке» тәрбиелеу бойынша жұмыс жүргізу. Сыбайлас жемқорлық қатерлерін жою және мемлекеттік аппаратпен қоғамның әрекеттесуі кезіндегі әкімшілік рәсімдерді жетілдіру	<p>Азаматтардың құқықтық сезімін және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті арттыруға бағытталған шаралар сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда ерекше орынға ие.</p> <p>Осы тұрғыда, 6080 мектепте «Адал ұрпақ» клубтары құрылған. Жалпы 18 228 іс-шараларға қатысқан 750 000 оқушыны қамтыды. Тәрбиелеудің осы түрін енгізу оқушыларға әділдік пен әділеттілік қағидаларын сіңіруге мүмкіндік береді.</p> <p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру 266 мың мемлекеттік және азаматтық қызметшілерімен, судьялармен, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен, квазимемлекеттік сектор</p>	Орындалды

қызметкерлерімен, бизнес пен азаматтық қоғам, діни және этномәдени бірлестіктер өкілдерімен қамтылған. Олардың қатысуымен 5 мыңнан астам іс-шара өткізілді.

Агенттіктің «әкімдіктен әкімдікке» және «мемлекеттік органнан мемлекеттік органға» жобасының шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты түсіндіру үшін шығыс кеңестер циклы ұйымдастырылған.

Іс-шаралар барысында мемлекеттік органдардың және тұтастай алғанда елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ахуалы туралы ақпараты қолжетімді, интерактивті түрде жеткізілді.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырумен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар жүйесіне, халықаралық сарапшылармен пайдалануы оң бағаланатын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы

		<p>мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қосылған.</p> <p>Оларды пайдалану тәжірибесі сыбайлас жемқорлық себептері мен жағдайларын жүйелі түрде анықтауға мүмкіндік береді.</p> <p>Осылайша, 2016 жылы Ұлттық экономика министрлігінің табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеттерінің, және жер ресурстары жөніндегі басқарманың, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Бас штабы Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментінің қызметтеріне және тағы басқа қызметтерге сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді.</p> <p>Көптеген аталған ұйымдар үшін тән болып дискрециялық өкілеттіктер мен мүдделер қақтығысының болуы табылады.</p> <p>Сыбайлас жемқорлыққа</p>	
--	--	---	--

		<p>мемлекеттік қызметтерді көрсететін және бақылау функцияларын жүзеге асыратын салалар ең көп бейім болып табылады.</p> <p>Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау нәтижелері бойынша 62 ұсыным әзірленген.</p> <p>Ұсынымдар көбінесе мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша, бақылау-рұқсат беру функциялары бойынша және құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлықты тудыратын нормаларға бағытталған.</p>	
--	--	--	--

2. Мақсаттарға және нысаналы индикаторларға қол жеткізу

Нысаналы индикатордың атауы	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Ескертпе (орындалуы/ орындалмауы туралы ақпарат)
			Жоспар	Факт	
1	2	3	4	5	6
1-стратегиялықбағыт. Кәсіпқоймемлекеттікқызметжүйесінқалыптастыру					
1.1-мақсат. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және құзыретті корпусын қалыптастыру					

<p>Мемлекеттік қызметшілердің таза ауысымдылығы (мемлекеттік қызмет жүйесінен шығу)</p>	<p>Мониторинг нәтижелері</p>	<p>%</p>	<p>9 (жоспар)</p>	<p>6,3 (факт)</p>	<p>Орындалды «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» Заңының қабылдануы мемлекеттік органдағы жұмыс жасап жатқан барлық мемлекеттік қызметкерлерді конкурстың қорытындысы бойынша басымдық тәртіпте қызметте көтеруін анықтап, мансаптық модельге көшуді қамтамасыз етті.</p> <p>Ол мемлекеттік аппарат үшін тұрақтандырушы рөл атқарып және осы көрсеткіштің мәнін жақсартты.</p> <p>Мансаптық модельді енгізу арқылы 2016 жылы 5,9 мың мемлекеттік қызметкерлер жоғары лауазымдарға көшті, бұл көрсеткіш алдыңғы жылға қарағанда 4 есе артық (1 348-ден 5 908 адамға дейін).</p> <p>Нәтижесінде, ауысымның саны 18 есеге азайды (2015 жылы 6,5 мың мемлекеттік қызметкерлер ауысқан, 2016 жылы – 358).</p> <p>Тұтастай алғанда, бұл тек қана</p>
---	------------------------------	----------	-----------------------	-----------------------	---

					кәсібилік, жеке тәжірибесі мен еңбегі негізінде қызметте көтерілуі туралы жалпы сенімді нығайтты.
Мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданған мемлекеттік қызметшілердің арасындағы лауазымға тағайындалғаннан кейін бір жыл ішіндегі таза ауысымдылық	Мониторинг нәтижелері	%	1,3 (жоспар)	1,3 (факт)	<p>Орындалды</p> <p>Ұлт жоспарын іске асыру және мансаптық модельді енгізу мемлекеттік қызметке жаңа қабылданғандар арасындағы ауысымға оң әсерін тигізді.</p> <p>Мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданған мемлекеттік қызметшілердің арасындағы лауазымға тағайындалғаннан кейін бір жыл ішіндегі таза ауысымдылық 2016 жылы 1,3% құрады (8 270 алғаш рет кіргендерден 110 шығып кетті), бұл 2015 жылдың көрсеткішінен 0,2% аз (2 522 алғаш рет кіргендерден 38 шығып кетті немесе 1,5%).</p> <p>Мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданған санат үшін ішкі конкурс арқылы мансаптық көтерілу үшін мүмкіндік айтарлықтай арта түсетініне</p>

					<p>байланысты ынталандыру мәселесі жоғарылады.</p> <p>Одан басқа, барлық мемлекеттік қызметке жаңа қабылданғандарға 3+3 формуласына сай сынақ мерзімін өту бойынша талаптар енгізілген, және бұл міндетті үш айлық сынақ мерзімін қарастырып 3 айға дейін ұзартылуы мүмкін.</p> <p>Басқа оңтайлы жаңалық болып тәлімгерлік институтын енгізу және «жаңа келгендермен» бейімделу жоспарын құру болып табылды.</p> <p>Осы шаралар арқасында мемлекеттік қызметкерлердің жүйелі кәсіби дамуы қызметтің бірінші күнінен басталады.</p>
Байқаушылар мен сарапшылардың қатысуымен өткізілген конкурстардың <i>(ішкі және жалпы)</i> үлесі	Есептік мәліметтер	%	60 (жоспар)	78 (факт)	<p>Орындалды</p> <p>2015 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрінің № 12 бекітілген бұйрығында «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға арналған</p>

					<p>конкурсты өткізу ережелерінде конкурстық комиссияның отырысына мемлекеттік органдардың байқаушыларды шақыру құқығы қарастырылған.</p> <p>Бұл норма конкурстық комиссия қызметінің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз етуге бағытталған.</p> <p>2016 жылғы 21 855 «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурстардың 78 % немесе 17 032 байқаушылардың қатысуымен жүзеге асырылған.</p>
Мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың сақталуы жөніндегі тексерістердің нәтижелері бойынша құқықтары қалпына келтірілген өтініш берушілердің үлесі	Есептік мәліметтер	%	40 (жоспар)	42 (факт)	<p>Орындалды</p> <p>2016 жылы өз құқықтарын қорғау үшін 439 азамат арызданды.</p> <p>Аталған өтініштер жөнінде өткізілген тексерудің нәтижелері бойынша 42% құрайтын 186 адамның (жәбірленушілердің), құқығы қалпына келтірілген. Қалған жағдайларда өтініш авторларының дәлелдері расталған жоқ немесе бұзылған құқықтарды</p>

					қалпына келтіру мүмкін емес.
Мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың сақталуына қатысты тексерістердің қорытындылары бойынша мемлекеттік органдарға енгізілген ұсыныстар мен ұсынулардың орындалған үлесі	Есептік мәліметтер	%	75 (жоспар)	92 (факт)	<p>Орындалды</p> <p>2016 жыл бойынша Агенттік және оның аумақтық департаменттерімен мемлекеттік қызмет туралы заңнамасының сақталуы бойынша 808 тексеріс жүргізілді, нәтижесінде 3740 бұзушылықтар анықталды.</p> <p>Жалпы алғанда, тексерулер нәтижесінде мемлекеттік органдарға заңсыз актілерінің бұзушылықтары мен олардың күшін жоюы бойынша 351 ұсыным жасалған, олардың 324, яғни 92% орындалған. Қалған заңсыз актілерінің бұзушылықтары мен олардың күшін жоюы бойынша енгізілген ұсыныстар мен ұсынулар, сот тәртібімен қаралатын екі ұсынымды қоспағанда, 2017 жылдың ақпан айында орындалды.</p>
Әдеп жөніндегі кеңестер берген ұсынымдардың орындалған үлесі	Есептік мәліметтер	%	75 (жоспар)	95 (факт)	<p>Орындалды</p> <p>Агенттіктің этика жөніндегі кеңесімен есептік кезеңде 158 кездесулер өткізілген, және келесі</p>

					<p>1002 мәселе қарастырылған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң бұзушылықтарды алдын алу бойынша - 113 мәселе; - тәртіптік комиссияның қызметі және әдеп жөніндегі уәкілділердің қызметі туралы – 102 мәселе; - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері – 56; - тәртіптік жағдайлар – 591; - басқа да сұрақтар – 140. <p>Мемлекеттік органдардың әдеп және тәртіптік комиссиялары қызметінің үйлестіруі шеңберінде, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықты алдын алудың нысаналары мен әдістерін жетілдіру мақсатында 622 ұсынымдар мен ұсыныстар берілген, олардың 595 немесе 95% орындалған.</p>
Біліктілікті арттыру курсына өтуге жататын қызметкерлер арасында	Есептік мәліметтер	%	90 (жоспар)	99,2 (факт)	<p style="text-align: center;">Орындалды</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы</p>

біліктілікті арттыру курсы өткен орталық мемлекеттік орган қызметкерлерінің үлесі					<p>29 желтоқсандағы № 152 Жарлығындағы Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ережелеріне сәйкес, "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері үш жылда бір реттен кем емес біліктілігін арттырады.</p> <p>Агенттікпен біліктілігін арттыру курстарын өткен мемлекеттік қызметшілердің біліктілікті арттыру жоспар-кестесіне сәйкестілігі бойынша мониторинг жүргізіледі.</p> <p>Осылай, 2016 жылы біліктілігін арттыруға тиісті 13 617 мемлекеттік қызметкерден оқытылғаны - 13 517, немесе 99,2%.</p>
2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру					
1.1-мақсат. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және құзыретті корпусын қалыптастыру					
Тексеріс барысында анықталған бұзушылықтардың қорытындылары бойынша көрсетілетін	Ведомстволық есептер	%	70 (жоспар)	75 (факт)	Есепті кезеңде 265 өтініш қарастырылған (Агенттікпен – 51, аумақтық департаменттармен – 214), оның ішінде жоспардан тыс 115

<p>қызметті алушылардың қалпына келтірілген құқықтарының үлесі</p>					<p>тексеру барысында (жәбірленушілер жүгінуінің 68 расталған, немесе 59 %) Тексеріс нәтижесінде 51 мемлекеттік қызмет алушының құқықтары қалпына келтірілген, немесе 75%. Нәтижесінде, 87 қызметкер мен ведомствоға бағыныстағы ұйымдарының жұмысшылары тәртіптік жауапқа тартылған.</p>
<p>«Мемлекеттік қызметтерді көрсету» бағыты бойынша қызметі тиімді деп бағаланған мемлекеттік органдардың үлесі</p>	<p>Ведомстволық есептер</p>	<p>%</p>	<p>61 (жоспар)</p>	<p>-</p>	<p>Орындау барысында Президент Әкімшілігі Басшысының 2017 жылғы 25 қаңтардағы № 17-01-38.5 бұйрығымен бекітілген «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін бағалау графигіне» сәйкес, «мемлекеттік қызмет көрсету» бағыты бойынша қорытынды 2017 жылдың 2 мамырына дейін жүргізілетін болады.</p>

Қызмет алушылардың мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына қанағаттану деңгейі	Әлеуметтік сауалнама	%	80 (жоспар)	72,8 (факт)	<p>Орындалмады</p> <p>Агенттікпен жыл сайын мемлекеттік органдармен көрсететін қызметтер сапасымен қызмет алушылардың қанағаттану деңгейін аңқтауға бағытталған қоғамдық мониторинг өткізіледі.</p> <p>2016 жылы еліміздің 16 өңіріндегі 50 мемлекеттік қызметтерге өткізілген қоғамдық мониторинг (Реестрде көрсетілген 710-нан) 9 082 респондентті қамтыды.</p> <p>Оның нәтижесімен, мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік органдар жұмысымен қанағаттану деңгейі 72,8% -ды құрады.</p> <p>Мониторингтің нәтижелері көрсеткендей, жалпы рейтингтің төмендеуіне көбінесе жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ ДСӘДМ, АКМ, ЭМ, ЖС, АШМ ықпал жасаған.</p>
---	----------------------	---	----------------	----------------	--

					Оларға құжаттарды жинау мен тапсыру үрдістерін жеңілдету, көптеген үрдістерді автоматтандыру, қызметтер алушыларға консультация беру деңгейін көтеру жөнінде біршама ұсыным берілген.
3-стратегиялық бағыт. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл					
3.1-мақсат. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін арттыру					
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдардың орындалған үлесі	Есептік мәліметтер	%	27 (жоспар)	32 (факт)	<p style="text-align: center;">Орындалды</p> <p>Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижесі бойынша 2016 жылы мемлекеттік органдарға берілген 62 ұсынымдардың 20 орындалды.</p> <p>Атап айтқанда:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетімен 21 ұсынымның 14 – орындалды, 6 – жартылай орындалды, 1 – орындалу барысында; - Қаржы министрлігімен –15 ұсынымның 1 – орындалды, 7 –

					жартылай орындалды, 7 – орындалу барысында; - Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетімен (Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жерресурстарын басқару комитеті) 12 ұсынымның 4 – орындалды, 6 – жартылай орындалды, 2 – орындалу барысында; - Қорғаныс министрлігінің Қарулы Күштері Бас штабының ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаментімен 14 ұсынымның 1 – орындалды, 6 – жартылай орындалды, 7 – орындалу барысында.
Сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендетуге жеке септігін қосуға дайындығын білдірген азаматтардың үлесі	Әлеуметтік сауалнама	%	45 (жоспар)	53 (факт)	Орындалды «Қоғамдық пікір» Зерттеу институты жүргізген сауалнама нәтижелерімен 2015 жылы - 43% дан, 2016 жылы - 53%-ға дейін өсім көрсеткен, жемқорлық деңгейін

					<p>төмендетуге жеке үлес қосуға дайындығын білдірген азаматтар санының өсімі байқалады.</p> <p>Бұл өз кезегінде, азаматтардың хабардардығын, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана сезімі өсімінің белгісі.</p>
Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына сенім білдірген азаматтардың үлесі	Әлеуметтік сауалнама	%	57 (жоспар)	73 (факт)	<p>Орындалды</p> <p>«Қоғамдық пікір» зерттеу институтының әлеуметтік сауалнамасы респонденттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына сенім деңгейі «орташадан жоғары» деңгейде бағаланатынын көрсетті, немесе 73%.</p> <p>Сұхбат алынған топтар арасында бұл пікірді ұстанатындар:</p> <p>1) жеке тұлғалар - 76,6%; 2) заңды тұлғалар - 72,6%; 3) жеке кәсіпкерлер - 71,3%.</p>
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілген мемлекеттік	Есептік мәліметтер	%	5 (жоспар)	5 (факт)	<p>Орындалды</p> <p>Қазіргі таңда, Реестрде 710 мемлекеттік қызметтер</p>

көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерінің үлесі					<p>тіркелген.</p> <p>Есепті кезеңде мемлекеттік қызметтердің барлығы 125 стандарттары мен 73 регламенті талданған.</p> <p>Орталық мемлекеттік органдарда сыртқы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мемлекеттік қызметтердің 43 стандарттары және 43 регламенті талданды.</p> <p>Сонымен қатар, аумақтық департаменттермен мемлекеттік қызметтердің 82 стандарты және 30 регламенттері талданды.</p>
3.2-мақсат. Қоғамның және мемлекеттің тыныс-тіршілігінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық деңгейін барынша азайту					
Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индекcін көтеру	«Transparency International» рейтингінің деректері	Рейтингтегі Қазақстанның орны	120 (жоспар)	131 (факт)	<p style="text-align: center;">Орындалмады</p> <p>«Transparency International» әдістемесіне сәйкес, елдегі жемқорлық деңгейін рейтингтегі позиция емес иеленген ұпай сипаттайды.</p> <p>Осылай, 2016 жылы Қазақстан 29 ұпай жинады, бұл 2015 жылдың көрсеткішінен</p>

					<p>(28 балл) жоғары болып табылады.</p> <p>Рейтингтегі ел позициясының өзгеруі зерттелген елдер санының 8 елге ұлғайюы есебінен болды (2016 жылы - 168 ел болса, 2015 жылы - 176).</p> <p>Сарапшылардың пікірінше, экономикалық өсу қарқынын бәсеңдеуі Қазақстанның ЖҚИ балы өсіміне кері әсерін тигізуде.</p> <p>Олармен кәсіпкерліктің еркін дамуына кедергілер болған жағдайда оларды жоюға шаралар қабылдау ұсынылған.</p>
Бейресми төлемдер мен паралар	ДЭФ ЖБИ рейтингісінің деректері	Рейтингтегі Қазақстанның орны	63 (жоспар)	61 (факт)	<p>Орындалды</p> <p>ДЭФ ЖБИ әдістемесіне сәйкес сыбайлас жемқорлықтың деңгейі төмен елдер рейтингтегі жоғары орындарды иеленеді (<i>Сингапур-3 орын, Дания-5, Голландия-13</i>), ал сыбайлас жемқорлық тым таралған елдер орынды 90-нан 138 ауқымында иеленеді (<i>Зимбабве-99 орын,</i></p>

					<p><i>Пәкістан-110, Венесуэла-133).</i></p> <p>Соңғы жылдары бұл көрсеткіштің оң үрдісі байқалуда.</p> <p>Осылай, Қазақстан екі жылда өзінің көрсеткішін 19 позицияға жақсартқан (2016 жылы - 61 орын, 2015 жылы – 64, 2014 жылы - 80).</p> <p>Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыстың нәтижесі болып табылады.</p> <p>Сарапшылардың пікірінше, одан әрі көрсеткішті жақсарту үшін, квазимемлекеттік және жеке секторларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске, сондай-ақ, бизнес-процестердің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етуге ерекше назар аудару қажет.</p>
Дүниежүзілік Экономикалық Форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің нысаналы индикаторлары					
Мемлекеттік секторда қабылданған шешімдердің ашықтығы	ДЭФ ЖБИ рейтингісінің деректері	Рейтингтегі Қазақстанның орны	30 (жоспар)	29 (факт)	Орындалды 2016-2018 жылдарға арналған ДЭФ ЖБИ көрсеткіштерін жақсарту

				<p>бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес, барлық мемлекеттік органдар аталған мақсатты индикатор бойынша жауапты орындалушы болып табылады.</p> <p>Осыған байланысты, оған қол жеткізуін бағалануы бүкіл ел бойынша жағдайды көрсетеді.</p> <p>Агенттікпен аталған көрсеткіштің орындаушыларының бірі ретінде келесі жұмыстар атқарылды.</p> <p>Осылай, Агенттікте үкіметтік емес сектордың, академиялық, бизнес-қоғамдастық, және т.б. 12 өкілдерінен тұратын Қоғамдық кеңес құрылған.</p> <p>Қоғамдық кеңеспен 2016 жылы ведомствоның мемлекеттік қызмет, кәсіби этика, және стратегиялық жоспарлау мәселелері бойынша нормативті-құқықтық актілер жобалары қарастырылып</p>
--	--	--	--	--

					<p>мақұлданды.</p> <p>Агенттік қызметінің ашықтығын арттыру мақсатында 2016 жылдың қорытындысы бойынша коллегия онлайн режимде өтті.</p> <p>БАҚ үшін апта сайынғы брифингтер өткізілуде (барлығы 172 брифингтер мен баспасөз конференциялары).</p>
Саясаткерлерге қоғамдық сенім	ДЭФ ЖБИ рейтингісінің деректері	Рейтингтегі Қазақстанның орны	29 (жоспар)	32 (факт)	<p>Орындалмады</p> <p>2016-2018 жылдарға арналған ДЭФ ЖБИ көрсеткіштерін жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес, барлық мемлекеттік органдар аталған индикатордың жауапты орындаушылары болып табылады.</p> <p>Осыған орай, оған қол</p>

				<p>жеткізілуін бағалау бүкіл ел жағдайын сипаттайды.</p> <p>Агенттікке, аталған көрсеткіштің бірлесе орындаушысы ретінде, іске асырылып жатқан реформалар бойынша ақпараттық – түсіндірме жұмыстар жүргізу, сонымен қатар Әдеп жөніндегі уәкіл тәуелсіз лауазымын енгізу мәселесін қарастыру міндеттелген. Барлық іс-шаралар толық орындалған.</p> <p>Осылайша, 2016 жылы республикалық және аймақтық БАҚ-да 13723 материалдар жарияланып, оның ішінде: теледидарда – 3016, радиода - 891, баспасөзде - 5839, жаңалықтық ақпараттық агенттіктерде - 3977.</p> <p>Этика бойынша тәуелсіз уәкілетті лауызымды енгізу мәселесі «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлқы</p>
--	--	--	--	---

					<p>қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» және 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №150 «Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығы жобасы аясында әзірленуде.</p> <p>Қазіргі таңда жоғарыда аталған жарлық жобасы барлық мемлекеттік органдармен келісіліп Премьер-Министр Кеңесіне енгізілді.</p>
Шенеуніктердің шешім қабылдаудағы фаворитизмі	ДЭФ ЖБИ рейтингісінің деректері	Рейтингтегі Қазақстанның орны	48 (жоспар)	55 (факт)	<p>Орындалмады</p> <p>2016-2018 жылдарға арналған ДЭФ ЖБИ көрсеткіштерін жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес, барлық мемлекеттік органдар аталған индикатордың жауапты орындаушылары болып табылады.</p>

					<p>Осыған орай, оған қол жеткізілуін бағалау бүкіл ел жағдайын сипаттайды.</p> <p>Агенттікке, аталған индикатордың бірлесе орындаушысы ретінде, лауазымды тұлғалармен компанияларды лоббистік әрекеттерін алдын алу, олармен аффилиирленген, сондай-ақ мемлекеттік органдарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттармен қамтамасыз ету міндеттелген.</p> <p>Агенттікпен барлық іс-шаралар толығымен орындалған.</p> <p>Осылайша, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссияның тапсырысына сәйкес (2015 жылғы 21 қыркүйектегі, № 52-32.2), Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық</p>
--	--	--	--	--	---

					<p>шаруашылық және Жер ресурстарын басқару Комитеттің әрекетіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сырттай талдау жүргізілді</p> <p>Оның барысында, Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдарында, мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, осы аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соқтыратын «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңының 1 тармағының 5 тармақшасы сақталмауы анықталған.</p> <p>Агенттік жүйелі түрде мүдделер қақтығысы, мемлекеттік қызметшілермен</p>
--	--	--	--	--	--

					<p>жеке мекемелер мүдделерін лоббистік әрекетін алдын алу бойынша ақпараттық жұмыс жүргізуде.</p> <p>Сондай-ақ, БҰҰДБ ынтымақтастығы шеңберінде халықаралық сарапшыларымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет мүдделер қақтығысы мәселесі бойынша және типтік мүдделер қайшылығы жағдайларымен оларды шешу жолдары ұсынылып, халықаралық тәжірибедегі нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету бойынша шолу әзірленген.</p> <p>«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңның 10-бабының 2-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, Агенттік сайтында жарияланған.</p> <p>Сонымен қатар, 2016 жылдың</p>
--	--	--	--	--	--

					<p>29 қарашасында, Агенттікте «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар әзірлеу жөніндегі практикалық нұсқаулар» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді.</p> <p>Іс-шарада орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұлттық компаниялар мен акционерлік қоғамдардың қызметкерлері қатысты.</p> <p>Тренинг барысында мемлекеттік қызметшілер мен компания қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стандарттарын әзірлеу тетігі таныстырылды.</p>
--	--	--	--	--	---

3. Талдамалық жазба

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру арқылы Агенттік аталған Стратегиялық жоспардың нысаналы индикаторларына қол жеткізді.

Осы қызмет шеңберінде, меритократия аясында мемлекеттік аппаратты ешбір өзгеше ілтипат пен адалдық

көрсетпеу жолымен жұмысқа бағыттайтын шаралар қабылданды; мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын көтеру бойынша шаралар қабылдануда; сондай-ақ халықаралық қоғаммен мойындалған сыбайлас жемқорлықтың алдын алу құралдары енгізілді.

Мемлекеттік аппараттың біліктілігін арттыру бойынша Агенттікпен жасалынған жұмыс экономикалық бағдарламаларды сапалы жүзеге асыру мен мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша оның міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған.

Мемлекеттік қызметтің кәсіби жүйесін құру бойынша

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның қабылдануымен бірге меритократия қағидасына негізделген мансаптық моделіне көшу қамтамасыз етілген.

Құзыреттілік әдістемені қолдану арқылы мемлекеттік қызметке қабылдаудың **үш сатылы жүйесі** енгізілген.

Бұл мақсатта заңда алғаш рет **«құзыреттер» түсінігі бекітілді**. Әкімшілік мемлекеттік қызмет лауазымдарына Бірегей құзыреттер шеңберін әзірлеуге халықаралық компания тартылған.

Жылдың басынан бастап бастапқы қадамдарға 8 мың азамат қабылданды (ОМО – 3 259, ЖАО – 4 447, 16 398 жалпы конкурс өткізілді), бұл өткен жылғы көрсеткіштен үш есе көп.

Бұл ретте **ауыстырулар саны 18 рет қысқарды (6,5 мыңнан 358 ге дейін)**, қызметкерлердің **жұмыстан кетуі 1,8 есеге азайды** (11 086 ден 6 206 адамға дейін).

Жалпы, қабылданған шаралар кадрлардың ауыспалылығына оң ықпал етті.

Өткен жылдарға жасалған талдау кадрлық мәселелерді шешудегі мемлекеттік органдарға мобильдікті көрсету қажеттілігін айқындады.

Осыған орай, **конкурстық үрдістер** заңмен **оңтайландырылды**. Енді жалпы конкурсты ішкі конкурстан кейін бірден өткізуге болады.

Мұндай әдістеме конкурстық үрдістерді 16 жұмыс күнге қысқартады және мүмкін болатын кадрлық дефициттің тәуекелін азайтады.

Бұдан басқа, **мемлекеттік қызметке шетелдік сарапшылар мен жеке сектор өкілдерін тарту мүмкіндігі қарастырылған** (2016 жылы мемлекеттік емес сектордан 2 103 адам қабылданған. Қарастырылған уақыт ішінде шетелдік жұмысшылар мемлекеттік органдарға жұмысқа тартылмады).

Мансаптық жоғарылау бойынша шаралар тек конкурс бойынша және төменгі сатыда жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда ғана қамтамасыз етілген.

Бұл жоғарғы 5,9 мың лауазымдарға көшуге мүмкіндік берді, өткен жылғы көрсеткіштен төрт есе көп (1 348 ден 5 908 адамға дейін) және тек қана кәсібилік, жеке жетістіктер мен еңбегі негізінде қызметте көтерілу туралы сенімді күшейтеді.

Жалпы, мемлекеттік аппараттың 2016 жыл қорытындысы бойынша **сапалы құрамын** талдай отырып, жоғарғы білімі бар мемқызметкерлердің саны 1,1% асқанын (91,4% - 84 304 адам) көруге болады.

Қызметкерлердің 16% (14 470) **бір жоғарғы білімнен көп**, 3,6% (3323) – жоғарғы оқу орнынан кейінгі (магистратура, докторантура) білімі бар.

Мемлекеттік басқару академиясы мен «Болашақ» бағдарламасының 36% и 28% тиісінше түлектерінің жұмысқа тұруымен **мемлекеттік қызметкерлердің оң динамикасы** байқалады.

Жас категориясын талдау мемлекеттік қызметтің **тұрақтылығы мен мұрагерлікті** көрсетеді.

Осылайша, мемлекеттік қызметкерлердің орташа жасы 2015 жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ және 38,7 жас (2016 жылғы 1 қаңтарға – 38,9 жас) құрайды.

Статистика арқылы ұқсас қорытындыларды жасауға болады.

Бұл көрсеткіш алдыңғы деңгейде қалды – 10,4 жыл (2016 жылғы 1 қаңтарға – 10,7).

Ұлт жоспарының 12-ші қадамын жүзеге асыру шеңберінде мемлекеттік органдарда **әдеп жөніндегі уәкілдер** енгізілді, және қызметкерлердің құқықтарын қорғау тетігі жасалынды.

Әдеп жөніндегі өкілдердің бастамасы бойынша ШҚО мен Маңғыстау облыстарында қызметкерлердің құқығын қалпына келтіру мысалдары бар.

Өткен жылы 445 қызметкерлер мен азаматтардың жүгінулері қарастырылған (ОМО – 139, ЖАО - 306 адам).

Олар Әдеп кодексі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдылықты түсіндіру бойынша 1 000 жуық шаралар жүргізген, БАҚ-та 860 тан аса басылым орналастырылған.

Сонымен бірге, олардың жұмыстарының тиімділігін арттыру мақсатында Агенттік барлық мемлекеттік органдармен келісіп Премьер-Министрдің қарауына енгізілген **өз алдына әдеп жөніндегі уәкілдер лауазымын** енгізу бойынша Президент Қаулысының жобасын әзірледі.

Әдеп жөніндегі уәкіл лауазымының дербестігі жүйелі негізде этиканы нормаларын сақтау бойынша жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік қызмет пен әдеп туралы заңдылықты орындауға қадағалау жүргізу шеңберінде мемлекеттік органдарға құқық бұзушылық пен заңсыз актілерді қайтару туралы 351 жүгіну келіп түскен,

оның ішінде 324 орындалған немесе 92%. Қалған заңсыз актілерінің бұзушылықтары мен олардың күшін жоюы бойынша енгізілген ұсыныстар мен ұсынулар, сот тәртібімен қаралатын екі ұсынымды қоспағанда, 2017 жылдың ақпан айында орындалды.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы» Заңмен облыстардағы тәртіптік кеңес **Әдеп жөніндегі кеңеске** өзгерген.

Олардың негізгі қызметі бұзушылықтардың алдын алу.

Өткен жылы Әдеп жөніндегі кеңес 622 ұсыным әзірледі, оның ішінде 595 орындалды (95%).

Жаңа әдеп ережелерін енгізуге әдістемелерді түбегейлі өзгерту үшін Агенттік тиіс **мобильдік қосымшаны** әзірлеп таратты.

Онда Әдеп кодексінің мәтіні бар, әдеп жөніндегі уәкілдер туралы ақпарат, мемқызметкерлердің киімі бойынша ұсынымдар, әдеп деңгейін анықтауға тест, сыйлықтар бойынша ережелер бар.

Смартфонда бұл қосымша бар жағдайда, Агенттікке қызметкердің әдеп қылығына қатысты шағым жасап жүгінуге болады.

Қосымша тегін таратылады және ол жайында ақпарат қызметкерлер мен азаматтарға айтылған (бір айда 5000 орнатып алынды). Қолданушылар қосымшаның мүмкіндігі туралы оң пікір білдіреді.

Мемлекеттік басқарудың даму трендтерін ескере отырып, мемлекеттік қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлау үрдістерін жетілдіру жалғасуда.

Шетелдің ең үздік ЖОО мысалы бойынша Мемлекеттік басқару Академиясымен (бұдан әрі – Академия) құзыреттілік қағидасына негізделген **жаңа бағдарламалар әзірленген**, олар мемлекеттік қызметкердің белгілі бір мансаптық сатысына сәйкес келеді (Master of Public Policy, Master of Economics, Master of International Relations, Master of Public Administration, Master of Public Management, Doctor of Public Administration, Doctor of Economics, Doctor of International Relations).

Сондай-ақ, Назарбаев Университеті, Сингапурдың, АҚШ, Италия мен Оңтүстік Кореяның кәсіби мектептерінен сарапшыларды тарта отырып мемлекеттік қызметкерлердің қайта даярлау мен біліктілігін арттыру бойынша оқыту бағдарламасы жаңаланған.

Агенттіктің ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметін тексеру

Сондай-ақ Президент Әкімшілігімен 2016 жылғы маусымның 6-нан бастап 22-ші маусым мерзімінде Академия мен Мемлекеттік қызметтің персоналын басқару Ұлттық орталығын (бұдан әрі - МҚПБҰО) олардың алдына қойған міндеттер мен оларды орындау сапасына, ұйымның қаржылық экономикалық жағдайы мен оны басқару, сондай-ақ оларды жекешелендіру жағдайында мүмкін болатын тәуекелдерді бағалауға тексеріс жүргізілді.

Жүргізілген тексеріс нәтижелері бойынша ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың мақсаттары мен міндеттерін Стратегиялық жоспардың міндеттерімен сәйкес етіп жасау ұсынылған.

Сондай-ақ, МҚПБҰО-ға «Е-қызмет» ИАЖ тоқтамай жұмыс істеуін қамтамасыз етуді ұсынылған.

Әзірленген ұсынымдар бойынша келесі шаралар қабылданды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 249 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік

кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау қағидаларының 11 тармағына сәйкес, Академия мен МҚПБҰО-ның 2017-2021 жылдарға арналған даму жоспарлары Агенттіктің 2017-2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарының мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып жасалынған.

«Е-қызмет» ИАЖ-дың тоқтамай жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қатысты, «Е-қызмет» ИАЖ-да табылған жетіспеушіліктер «DLS» ЖШС – әзірлеушімен қызмет көрсетудің кепілдік мерзімі шеңберінде жойылды.

Сонымен қатар, 2016 ж. Желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президент Әкімшілігімен Академияның қызметіне талдау жүргізілген, оның қорытындысы бойынша оның тиімділігін одан әрі арттыру жөніндегі іс-шаралар қабылданды.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын көтеру бойынша

Өткен жылы мемқызметтер көрсету саласында заңдылықты орындауға тексеру барысында 800 мыңнан астам бұзушылық табылған.

Олар негізінен:

- мемқызметтерді көрсетудің бизнес-үрдістерін бұзу (158,1 мың факт немесе жалпы бұзушылықтың 20%);
- құжаттар пакетінің толық емес болуы кезінде мемлекеттік қызметтерді көрсету (153,6 мың факт немесе 19 %);
- стандарттармен қарастырылмаған құжаттарды талап ету (94 мың факт немесе 12%);
- мемқызметтерді көрсету кезінде мерзім бұзу (13,4 мың немесе 2%).

Одан басқа, 2016 жылы 265 жүгіну қаралған (Агенттікке - 51, аумақтық департаменттерге – 214), оның ішінде 115 жоспарланбаған тексеріс (68 шағымшылар дәлелдері расталды немесе 59%).

Сонымен 75% жағдайда қызмет алушылардың құқықтары қалпына келтірілген.

Мемлекеттік органдардың 2016 жылдың қорытындылары бойынша **мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне талдау жүргізілген** (Жауапты хатшы лауазымы бар).

Көрсетілген мемлекеттік қызметтердің барынша көп көлемі Қаржы министрлігіне келеді – 17 млн. астам, әділет – 12 млн. жәнеденсаулық сақтау мен әлеуметтік даму министрлігіне – 4 млн.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша негізделген шағымдардың ең көбі Қаржы министрлігінде – 11, ұлттық экономика – 6 және әділет министрліктеріне – 5.

Мерзімдерді бұзу әділет министрлігінде – 6595, ұлттық экономика – 395 және ауыл шаруашылық министрлігінде – 375.

«Кәсіпкерлік саласындағы прокуратура бақылауы (құрамы мен приоритеттері)» форумы ұсынымдарын жүзеге асыру бойынша Жол картасы шеңберінде «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жеке мемлекеттік органдарды тексерудің қорытындылары жіберілген (әкімшіліктер, АШМ және оның комитеттері, ҰЭМ ТМРБҚК және ҚТҮКШК, мемлекеттік кірістер органдарының аумақтық бөлімшелері).

Тексерулер нәтижесінде 664 мың заңдылық нормаларын бұзушылық табылған, оның ішінде:

- мемқызметтерді көрсетудің үрдістерін бұзу 156 мың;
- құжаттар пакетінің толық емес болуы 133 мың факт;

- стандарттармен қарастырылмаған құжаттарды талап ету 23,8мың;
- мемқызметтерді көрсету кезінде мерзім бұзу 3,1 мың.
- басқа бұзушылықтар – 347,2 мың.

Агенттік 5 мемлекеттік қызметтер көрсетеді (оның 3 қағаз және электронды түрде көрсетіледі):

- *«Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында білім берудің жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік бағдарламалары бойынша оқыту» (қағаз);*
- *«Мемлекеттік қызметшілерді, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды тестілеу» (қағаз/электронды);*
- *«Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына оқуға қабылдау» (қағаз/электронды);*
- *«Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарында оқыту» (қағаз);*
- *«Мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадрлық резервіне қабылдау» (қағаз). «А» корпусының кадр резервіне қабылдау болмаған соң 2016 жылы бұл мемлекеттік қызмет көрсетілген жоқ.*

Аталған мемлекеттік қызметтерді 2016 жылғы талдау екі қызметтің біріктіру қажеттігін көрсетті (*«Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына оқуға қабылдау» және «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында білім берудің жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік бағдарламалары бойынша оқыту»*) себебі оқуға құжаттар қабылдау мен диплом түрінде соңғы нәтиже алу бір өмірлік циклді құрайды.

Агенттікпен мемлекеттік қызметтерді алушылардың мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасымен қанағаттану мониторингі жүргізіледі.

Стратегиялық жоспармен «Қызмет алушылардың мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына қанағаттану деңгейі» индикаторы қаралған (2016 жылға жоспар – 80%, факт – 72,8%).

Жалпы, сұрау нәтижелері мемлекеттік органдар тарапынан жетіспеушіліктерді жою талап етілетін мемлекеттік қызметтерді көрсету бағыттарына сілтеп отыр.

Бәрінен бұрын, мемлекеттік қызметтер сапасын жергілікті атқару органдары мен кейбір орталық мемлекеттік органдарға көтеру керек (ДӘДМ, АҚМ, ЭМ, ЖС, АШМ).

Сондай-ақ қызметтер түрлері бойынша әлеуметтік зерттеулер нәтижелерін талдау халықтың ең аз қанағаттануы әлеуметтік маңызға ие салаларда (мысалы әкелікті дәлелдеуді тіркеу – 53,3%, мүгедектікті анықтау - 64%) және кәсіпкерлер мен қолдануға арналған салаларда байқалады (мысалы, бірінші категорияға берілетін экологиялық рұқсаттар - 53,7%; суға әсер ететін кәсіпорын мен жабдықтарды шығару мен салуға арналған жобалық құжатты мақұлдау - 50,2%).

Бұл проблемаларды шешу үшін келесілер ұсынылады:

- ЖАО мемлекеттік қызметтерді көрсетудің бірегей тәртібін орнату, себебі әр аймақта арызды қарау мерзімі 7 жұмыс күнінен 30 күнтізбелік күнге дейін өзгереді;
- «электрондық үкімет» порталын жақсарту арқылы мемқызметтер көрсету жүйесін жақсарту;
- мемлекеттік органдардың қоғамдық маңызды функцияларына «мемлекеттік қызмет» анықтамасын тарату (қоғамдық тәртіпті қорғау, жолдарды жөндеу, электр энергиясын беру, сумен қамтамасыз ету және т.б.).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша

Ұлт жоспарының 13 қадамы шеңберінде қабылданған шаралар халықаралық сарапшылармен және дүниежүзілік рейтингтік агенттіктермен жоғары бағаланды.

Осылай, «Бейресми төлемдер мен паралар» рейтингі ДЭФ Жаһандық бәсекелестік индексідегі соңғы 6 жылға айтарлықтай жақсарды.

32 позицияға өсті (93 орыннан 2010 жылы 61 орынға дейін – 2016 жылы).

Стратегиялық жоспармен «Transparency International «Сыбайлас жемқорлықты түйсіну» индексіні көтеру қарастырылған (2016 жылға жоспар – 120 орын, факт – 131 орын).

Бұл ретте, алдыңғы уақытта айтып өткендей мемлекеттің сыбайлас жемқорлық деңгейін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың толыққандығы деңгейін тек қана балл көрсетеді.

Осылайша, Қазақстан 2016 жылы 29 балл алды, ол 2015 жылғы көрсеткіштен жақсы (28 балл).

Бағаланып отырған елдер тізіміндегі орынның өзгеруі зерттеліп отырған мемлекеттер санының сегізге көбейгеніне байланысты (2015 жылы – 168 ел, 2016 - 176).

Сарапшылардың пікірі бойынша, рейтингтегі негізгі оң өзгерістер ақпаратқа кеңінен қол жеткізуді, мемлекеттік органдардың қызметтерінің ашықтығы мен есептілігін, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету үрдістерін жетілдіруді қамтамасыз етуде білдірілген Ұлт жоспары мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны практикалық жүзеге асыруға байланысты.

Сонымен қатар, сарапшылардың мәліметтері бойынша, экономиканың өсу қарқынының төмендеуі Қазақстанның СЖҚИ өсуіне кері ықпал етеді.

Олармен кәсіпкерлік қызметтің еркін дамуына бөгет жасайтын кедергілер бар болған жағдайда, оларды жою бойынша шаралар қабылдау туралы ұсынымдар берілді.

Сондай-ақ азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін көтеру, күрделі ұлттық жобаларды жүзеге асыру кезінде ашықтық пен тиімділік, декларацияланбайтын табыстарға жауапкершілік пен мүдделер қақтығысын реттейтін құқықтық нормаларды күшейту талап етіледі.

ЭЫДҰ сарапшыларының бағалауы бойынша, Қазақстан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет бойынша Стамбул жоспарының тармақтарының орындалуында айтарлықтай қадамдар жасады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдылықтың жаңаруымен бірге сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғышарттарын анықтау және жою үшін жағдай жасалынған.

Бұған енгізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау институттары ықпал етеді.

Оларды пайдалану практикасы сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептерді анықтаумен қатар, сондай-ақ оған бейімделген салаларды анықтауға мүмкіндік берді.

Алдыңғы уақыттағыдай, орталық деңгейде ішкі істер органдарының, мемлекеттік кірістер мен әділет органдарының деңгейінде проблемалық болып қалады (ІІБ – 260, мемлекеттік кірістер – 49, әділет органдары - 26).

Аймақтарда – білім беру саласы (82).

Біз олардың кейбіреулерінің қызметіне талдау жүргіздік және бәріне тән келесідей жүйелі жетіспеушіліктерді анықтадық:

Біріншіден, шенеуніктерге бірегей жағдайда әр түрлі нормаларды қолдану «құқығын беретін» әр түрлі деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердегі дискрециялық өкілеттіктер;

Екіншіден, мемлекеттік қызметтерді көрсетуде тәсілдер бірегейленбеген (аймаққа сәйкес түрлі болып келеді);

Үшіншіден, шешім қабылдау кезінде ашықтықтың болмауы.

Одан басқа, 2016 жылы Ұлттық экономика министрлігінің табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеттерінің, және жер ресурстары жөніндегі басқарманың, Қорғаныс министрлігінің Қарулы Күштері Бас штабы Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментінің қызметтеріне және тағы басқа қызметтерге сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындылары бойынша 2016 жылы мемлекеттік органдарға 62 ұсыным берілді, олардың 20 орындалды, 6 жартылай орындалды, 7 орындалу барысында.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті құрудың базалық қағидалары «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясында, «Қазақстан 2050» ұзақ мерзімді бағдарламада және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияда бекітілген. Бұл құжаттарды жүзеге асыру үшін 2016 жылы аталған институт алғашқы рет заңдылық деңгейде бекітілген және білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет жасайды.

Аймақтан аймаққа, мемлекеттік органнан мемлекеттік органға Агенттіктің қызметкерлері практикалық түрде әрбір қызметшімен кездесті (сондай-ақ нысаналы топтар мұғалімдер, дәрігерлер, студенттер, жас және қоғамдық ұйымдардың басшылары, журналисттер, мәдениет саласы жұмысшылары мен ардагерлік ұйымдардың өкілдері).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті құрудың міндетті компоненті болып сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру анықталды.

Сондықтан, мектептің және жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мәселелері енгізілді («Дүниетану», «Адам. Қоғам. Құқық», «Құқық негіздері» пәндері бойынша).

Бұл келесілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім берумен қамтуға мүмкіндік берді:

- бір жарым миллионнан астам оқушыларға;
- 200 мыңнан астам колледж бен лицейлердің студенттеріне;
- 125 мың жоғарғы оқу орындары студенттеріне.

Жалпы білім беру мектептерінің 90 % астамында «Адал ұрпақ» ерікті клубтары құрылды.

Алғаш рет заңда ҮЕҰ-дың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысу мүмкіндігі қарастырылған.

Осының арқасында барлық аймақтарда «Азаматтық бақылау» жобасы іске қосылған.

Бүгінгі таңда 1004 адам жүгінді.

Одан басқа, Агенттіктің және «Атамекен» КҰП-ның біріккен шараларына тиісті Жол картасы қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кәсіпкерлердің 1-ші Форумы өткізілді.

Төраға

Қ. Қожамжаров